

«Ұлттық әуендер арқылы балаларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу»

Бүгінгі таңда ұрпаққа әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – педагог алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында ерте заманнан-ақ құндылықтардың қалыптасуы ойшылдар мен ғұламалардың назарында болған. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады.

Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар.

Музыка жетекшісі ретінде бүлдіршіндерге тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде олардың бойына ұлттық адамгершілік, сыпайылық, имандылық қасиеттерін ән арқылы қалыптастыруға тырысамын. Шығармашылық саласы бойынша музыка оқу қызметі ән тыңдау, ән айту, әуенді қимыл қозғалыс, ойындар, аспапта ойнау бөлімдерінен тұрады.

